

ТОТЕМДІК, ШАМАНДЫҚ ЖӘНЕ ТӘҢІРЛІК ҰҒЫМДАРДЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРКЕМ КӨРІНІСІ

Н.С.Халыкова, Г.К.Бескемпірова

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Филология факультеті

Мақалада көне түркі дүниетанымының қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрінісі қарастырылады. Байырғы түркі халқына ортақ тәңіршілдік ұғымдарының, тотемизмнің, шаманизмнің белгісі ретінде қалыптасқан ұғымдар, мифтік сюжеттердің қазақ прозасындағы көрініс табуы талданды.

Кілт сөздер: шаманизм, тотемизм, тәңіршілдік, әдебиет, дүниетаным

В данной статье рассматривается проблема проявления древнетюрского миропонимания в современной казахской прозе. Отражение в казахской прозе понятий тенгризма, тотемизма, шаманизма и мифических сюжетов, как общих понятий для всего древнетюрского народа.

Ключевые слова: шаманизм, тотемизм, тенгризм, литература, миропознание,

Summary word

The problem of manifestation of the ancient Turkic world outlook in modern Kazakh prose is considered in this article. Reflection in the Kazakh prose of the concept of Tengrism, totemism, shamanism and mythical subjects as a general concept for the whole ancient Turkic people.

Key words: shamanism, totemism, mengrin, literature, world-knowledge

Özet kelime

Bu makale eski Türk dünya görüşünün modern Kazak literatüründe bulunma sorununu ele almaktadır. Tengrism, totemism, şamanizm, efsanevi konuların ve tüm eski Türkler için genel kavramların kazak edebiyatında bulunması incelendi.

Anahtar kelimeler: şamanizm, totemizm, tengrism, edebiyat, dünya bilgisi

Қоршаған ортамен тығыз бірлікте өмір сүрген түркілер дүниетанымының қайнар көзі табиғатпен байланыста қалыптасқандығы белгілі. Түркілер табиғатты жаратушыны «Тәңірі» деп танып, табиғат оның тамаша тындысы деп түсінген. Табиғатты аялау арқылы түркілер оған үлкен құрмет көрсеткен. Сондықтан да, табиғатқа байланысты қалыптасқан үрдістердің бүгінгі күнге дейін сақталып, түркі

тектес халықтардың салт-дәстүрінде көрініс тауып жататындығы заңды құбылыс. Түркілер үшін қыстау, күзеу, жайлау ұғымдары қасиетті болып табылады. Аңның, малдың пірінің болуы (түйе атасы – Ойсыл қара, жылқы атасы – Қамбар Ата т.б.) түркі әлеміне ортақ ұғымдар. Тәңірінің жаратқан әрбір жаратылысына құрметпен қараған түркілер аң атаулыны өздеріне пір тұтқан. Түркілер ұғымындағы көк бөрі түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың бірі. Көк бөрі – түркі халықтарына кең тараған тотем, мифтік бейне.

Ежелгі түркі халқының байырғы кезеңіндегі өмірге деген көзқарастарының негізі тәңіршілдікте жатыр. Тәңірлік адамның табиғатқа табынуынан, табиғатты құдай деп түсінуінен туындаған түсінік. Байырғы түркі халқы дүниетанымында адамзатты жаратушы табиғат, яғни «Тәңірі» болып саналады. Байырғы түріктердің түсінігі бойынша Тәңір көктегі жалғыз жаратушы, ол көзге көрінбейді. «Тәңір – ең жоғарғы Құдай» [1,10] деп түсінген ежелгі түркілер Көкке (Тәңір) және Жерге (жер-суға) сыйыну арқылы Тәңірді жаратушы ретінде, ал жерді тіршіліктің тірегі ретінде қабылдаған. Сол себепті түркі халқы Тәңірі жаратқан табиғаттың әрбір жаратылысына ерекше көңіл бөліп, оған зор сүйіспеншілікпен, үлкен құрметпен қарауды үйренген. Исламға дейінгі қазақ халқының рухани дүниетанымында тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алады. Халық «Тәңірі» жаратқан табиғаттың тылсым құпияларының сырларын ашуда әртүрлі мифтерді тудырған. Тәңірі жаратқан табиғаттың әрбір құбылысының иелері бар деп түсінген түркі халқы аңның, малдың иесі болады деп ұғынған.

Байырғы түркі мәдениеті мен көшпелілер философиясы, қазақ халқының түп тамыры болып табылатын көне түркі елінің мифологиясы халымыздың асыл мұрасы, қымбат қазынасы болып табылады. Ежелгі түркі халқының мифтері бойынша баяғы заманда Ұлы Даланы мекендеуші көшпелілер Көк Құдайы – Тәңірге сенген. Осыған орай, олардың ұстанған діні тәңіршілік деп аталған. Ертедегі түркі халықтарының Тәңірге сыйынғанын Күлтегін, Білгеқағандарға арналған тастардағы қашап жазылған жазулардан байқауға болады. Тәңіршілік ұғымының бүгінгі қазақ әдебиетіндегі көркем көрінісін қазақ қаламгерлері шығармаларынан көрініс табады. Қазақтың бас ақыны Абай шығармаларында Тәңір, Құдай, Алла сөздерінің жиі кездеседі. Ақының А.С.Пушкиннің өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романынан «Татьяна сөзі» деп аударған үзіндісінде «Тәңірі қосқан жары едің сен...» [2, 112] деп «тәңірі» сөзімен өлең жолдарын бастайды. XIX ғасырдың көрнекті өкілі Д.Бабатайұлының «Өсиетнама» шығармасында: «Тәңірі алдына барған соң. Сондай бір қас дұшпанды, Дұшпан демей не дейміз?» , «Тәңірім біраз берген соң. Жақсы болған төрені, Әділ демей не дейміз?», «Тәңірім жолға салмаса, Жамандардың әдеті, Өзін ұлық көрген соң», «Өсекші – тәңірі дұшпаны, Күнамды қалай ақтадым?», «Тәңірім біраз берген соң. Жақсы болған төрені, Әділ демей не дейміз?» деген өлең жолдарынан ақын шығараларында «тәңір» сөзінің жиі қолданыс тапқанын байқаймыз. [3]

Қазіргі қазақ прозасында қаламгер М.Сқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесінде де Тәңірі бейнесі көрініс табады. Жазушы «Ұят туралы аңыз» мифтік шығармасында шамандық ұғым бойынша қалыптасқан үш қабат әлемнің ең жоғарысында мекендейтін Тәңірі мен оның қасындағы періштелер туралы көркем әңгімелейді. Шаманизм дәуіріндегі ұғым бойынша әлем үш қабаттан тұрады: жоғарғысында – Тәңірі және перілер (періштелер), ортаңғысында – адамдар және хайуанаттар, төменгісінде – әруақтар мен зұлым күштер мекендейді екен. [4, 297].

Байырғы түріктердің діні тотемдік ұғымдардан бастау алып, шамандық және тәңіршілдік сенімдермен жалғаса келе бірнеше кезеңдерді басынан өткерген. Сондықтан тотемдік ұғымдардың, шамандық және тәңіршілдік сенімдердің әдебиеттегі көрінісі заңды құбылыс. XIX ғасыр ақыны Сүйінбай Аронұлының: «Бөрілі менің байрағым» атты өлеңіде:

Бөрілі байрақ астында –
Бөгеліп көрген жан емен!
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен!
Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кетке жан емен!
Бөрілі байрақ құласа,
Күремей кекен жан емен!

Қазыбек, Қастек атамыз...
Бөрі басы – ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым!» – деп [5] жыр жырлауы

тотемдік ұғымдардың қазақ поэзиясындағы бір көрінісі. «Алып Ер Тоңғаны жоқтау» өлеңінде «бөрідей ұлысты» деген тіркес кездеседі:

Бөрідей ерлер ұлысты,
Бақырып жаға жұлысты,
Дауыс салып жырлады,
Суалды көзі – жылады [6, 26 б.].

Тәңіріге табынатынын түркілердің діні табиғатпен біте қайнасқан адам баласының алғашқы таным түсінігі еді. Түркілердің ерте кездегі сенімдері, салт-дәстүрлері тәңірлік ұғыммен, Тәңірлік діннің өзекті қағидаларымен тығыз байланысты болған. Исламға дейінгі қазақ халқының рухани мәдениетінде тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алады. Байырғы түркілердің негізгі сенімі Тәңірлік дін, аруаққа табыну болды. Түріктердің түсінігі бойынша Тәңір жерде емес көкте орналасқан деген сенім қалыптасқан. Түркілер. Тәңір көзге көрінбейді, ол жоғарыда көкте деп түсінген. Сол себепті де, бүгінгі таңға дейін «көк» сөзінің, «көк аспан» тіркесінің түркі тектес халықтар үшін мағызы үлкен екендігі белгілі. Көне түркілер көмек сұрап Тәңіріге ғана жалбарынатын. Осы сенім бүгінгі күні де көрініс тауып жатады. «Тәңір қолдады», «Тәңірім, кешіре гөр», «Тәңірі жарылқасын!», «Тәңірі сені сыйласын» деген тіркестердің бүгінгі таңда халық арасындағы қолданысы көне түркі дүниетанымымен байланысты екендігі ақиқат.

Көкке (Тәңір) және Жерге (жер-суға) сыйынуы – Тәңірлік діннің өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Түркілер күнге, айға және отқа, су мен жерге де құдай деп табынған. Жер-суды тіршіліктің тірегі, өмірдің өзегі деп сенген түркілердің наным-сенімдерінде әйел-құдай – Ұмай ерекше құрметтелген. Күлтегіннің жеті жаста әкесінен жетім қалып, бүкіл өмірін сипаттайтын жыр жолдарында: «Әкем қаған өлгенде, Інім Күлтегін жеті жаста қалды. Ұмай текті шешем – қатынның бағына, Он жасында інім Күлтегін ер атағын алды» деген өлең жолдарынан ежелгі түркілерің Ұмай анаға үлкен құрметпен қарағандығын байқамыз. Ұмай ананың отбасын жамандықтан сақтайтын әйел тәңірісі ретіндегі бейнесі «Тоныкөк» жырында да көрініс тапқан:

Тәңірі Ұмай, қасиетті Жер-Су

Бізді қорғайды, ойлану керек. [6, 22 б.]. Осылайша, Тәңірлік дәуірегі әдебиетте, түркі жазба ескерткіштерінде Ұмай ана бейнесі сомдалып, сол арқылы көне түркі халқының дүниетанымы көрініс табады.

Отбасы мен бала-шағаның жебеушісі болған әйел тәңірі Ұмай анаға, Жер-Суға табынғанда да көне түркі халқы бірінші Тәңіріге сыйынатын. Биікте көк тәңірі, төменде қара жер, ал екеуінің арасында адам баласы жаралған деген ұғым болған. Тасқа қашалып жазылған «Күлтегін» жырындағы төмендегідей жыр жолдары осыған дәлел бола алады:

Биікте – Көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.
Отырып, түркі халқының
Ел-жұрты қалыптастырған... [6, 108 б.]. «Күлтегін» жырының тағы да бір өлең

жолдарында:

Тәңірдей тәңір жаратқан,
Түрік Білге қаған
Бұл шақта отырдым.
Сөзімді түгел естіңдер,
Бүткіл жеткіншегім – ұланым,
Біріккен халқым, әулетім. [6, 45 б.].

Көк тәңірісіне табыну Тәңірлік дәуірегі әдебиетте жиі кездеседі. Тәңірлік дәуірегі әдебиетінің бірі «Шу батыр» дастанында:

Ашуланды Көк Тәңірі,
Бетін бұлтпен бүркеді
Қаһарлы даусы гүрілдеп,
Жарқ-жұрқ етіп от шашты [6, 43 б.]. – деп Көк Тәңіріні жыр жолдарына

қосады.

Көне түркілердің өздерінің шығу тегі жөніндегі аңыздың бір нұсқасы бойынша, байырғы түркілер қасқырды ата тегіміз деп білген. Жаугершілік заманда күншығыстағы көрші елден қатты жеңіліс тауып, тегіс қырылған халықтан бір жас бала тірі қалады. Жау жас баланы өлтірмей, аяқ-қолын кесіп,

тоғайға жалғыз өзін тастап кетеді. Жалғыз қалған баланы бөрі асырап алады. Баладан он ұл туылып, кейіннен ол он ұлдан тараған адамдар тұтас бір тайпаға айналады. Оларды «Ашина» әулеті, «көк бөріден тараған түркілер» деп атаған. Осылайша бөріден туылған адамдар үлкен мемлекеттің іргетасын қалап, содан тараған жұрт ғұндар мен түркілер деп аталып кетеді. «Ашина» әулетінен тараған халық ержүрек батыл болып қалыптасады. Осы аңыздың әдебиетте қасқыр тотемі пайда болып, қасқыр туралы әңгімелер ежелгі халықтардың көне мифтерінде сақталып, батырлық символ ретінде көрініс тауып жатады. Осы көне аңызға байланысты тәңірлік әдебиетте «Көк бөрі» дастаны пайда болған. «Көк бөрі» дастаны ұлы Түрік қағанаты құрған көк түріктердің ежелгі ата-тегінің шығу тарихын, олардың халық ретінде қалыптасқанын түрлі аңыздар негізінде жыр еткен эпос» [6, 67 б.].

Табиғатпен біте қайнасып бірге өскен түркілер дүниетанымының қайнар көзі табиғат болғандығы белгілі. Бұл табиғатта болып жатқан құбылыстарды жіті бақылайтын көшпелілер әулетінің қоршаған ортамен тығыз байланысты екендігін білдіреді. Қазақ әдебиетінде түркілерге ортақ ұғымдардың, мифтер мен аңыздардың авторлық ойды жеткізуде көркемдік тәсіл ретінде қолданылуы жиі кездеседі. Көне түркілер дүниетанымы негізінде пайда болған мифтердің, аңыз-әңгімелердің, табиғат пен адам арақатынасы тақырыбының, жан-жануарлар бейнесінің көркем шығармаларда көрініс табуы ежелгі әдебиетіміздің бүгінгі күні қайта жаңғыруы деп түсінеміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. О.Жанайдаров. Ежелгі Қазақстан мифтері. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2007, – 256 б.
2. А. Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.
3. XIX ғасыр әдебиеті. Атыншы кітап. Хрестоматия. (Құрастыған Х.Сүйіншалиев. – Алматы: «Ана тілі» 1992.
4. М. Ысқақбаев. Көңіл жұбанышы: Повестер және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 480 б.
5. [www.zharar.com/kz/ olen/3389-bayrak.html](http://www.zharar.com/kz/olen/3389-bayrak.html)
6. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. (Қазақ әдебиеті бастаулары). Жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.

